



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:**

ӘБДІҚАЛЫҚОВА Г.Н.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Редакциялық кеңес төрайымы
ТОҒЖАНОВ Е.Л.	Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Хатшылығының меңгерушісі, жауапты шығарушы
ҚАЛИЖАНОВ У.Қ.	М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, жауапты шығарушы
ӘБЖАНОВ Х.М.	Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры
ДЕРБІСӘЛІ Ә.Б.	Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры
ДЫМОВ О.Г.	Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары
МАЛБАҚОВ М.М.	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры
МАУЫТОВ Н.К.	«Қазақ энциклопедиясы» баспасы Бас редакторының орынбасары
МҰХАМЕДИҰЛЫ А.НИ Л.А.	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
СӘРІНЖІПОВ А.Б.	Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары
ТОЙБАЕВА Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
ШӘУКЕНОВА З.К.	«Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас директоры
	Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҰШЕЛЕРІ:

АХМЕТОВ Ә.К.	Филология ғылымдарының докторы,
АЯҒАН Б.Ғ.	профессор Тарих ғылымдарының докторы,
ЖОЛДАСБАЕВ С.Е.	профессор Экономика ғылымдарының
МҰҢАЛБАЕВА Ү.Д.	кандидаты Педагогика ғылымдарының
СӘДУАҚАСОВА	докторы Социология ғылымдарының докторы
А.К. ТЕЛЕБАЕВ Ғ.Т.	Философия ғылымдарының докторы,
ТӨЛЕШЕВ А.Қ.	профессор Техника ғылымдарының докторы,
ШАЯХМЕТОВ Н.У	профессор Тарих ғылымдарының докторы

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

УДК
ББК
Қ

Қ **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ: Энциклопедия.** / Бас. ред.
Ж.Н.ТОЙБАЕВА. – Алматы: «Қа-
зақ энциклопедиясы», 2015. – 484 бет.

ISBN

«Қазақстан халқы» атты энциклопедиялық жинақ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғаны-на 20 жыл толу мерекесіне орай шығып отыр. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей ұсынысымен құрылған бұл ұйым 20 жыл ішінде қыруар жұмыстар атқарып, еліміздің үдемелі дамуына өз үлесін қосып келеді. Жинақ Ассамблеяның құрылған кезеңінен күні бүгінге дейінгі тағылымға толы тарихи жолын бей-нелейтін және қазақстандық патриотизмның бірегей үлгісін айғақтайтын нақты деректерге негізделген.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНАҚТАРЫ

Адамзат тарихында қазіргі ұғымдағы халық санағы 18 ғасырдың соңынан жүргізіле бастағанымен, халық санын есепке алу ертеден келе жатыр. Қытай жылнамалары бойынша- б.з.б. 788 жылы Чжоу патшалығында- алғаш жүргізілген санақ сол күннен бері тұрақты жалғасып келеді. Тіпті, б.з.б. 1000 жылы Дәуіт патша Иерусалим халқының санағын жүргізді деген сөз бар. Сондай-ақ Ежелгі Египетте,



Грекияда, Римде, Иранда, Жапонияда және т.б. мемлекеттерде халықтың есепке алынғандығы туралы мәліметтер белгілі.

Қазақстан жерінде, тұрғындардың әскери және салықпен қамтылған бөлігін есепке алу бабаларымыз үйсіндер мен қаңлыларда да болған. Б.з.б. 2 ғасырда үйсіндердің саны 630 мың адам болғанда, олардың 188, 8 мыңы әскери жасақ болып есептелінген: «Үйсін ұлысы Іле өзені өңіріне келіп орныққан соң, өркен жайып гүлденеді де, ұланбайтақ өңірді қамтыған қуатты да құдіретті мемлекет құрады. Үйсін елінің аумағы: батыста Шу, Талас өзендеріне, шығыста Тянь-Шань тауларының шығыс сілеміне, солтүстікте Балқаш көлінен бастап, оңтүстікте Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына дейінгі ұлан-байтақ өңірді қамтыды. Осы аумақтағы

үйсін елі шығыста ғұндармен, солтүстікте қаңлылармен, батыста дауандармен, оңтүстігінде Тарым ойпатындағы қалалармен шекаралас болады. Үйсін елінің саяси орталығы – астанасы Чичу қаласы еді. Мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі күнму (күнби) деп аталды. Күнби өзі тағайындаған әскери-әкімшілік ұлықтар арқылы бүкіл мемлекетті меңгеріп отырды. Кемеліне келіп дәуірлеген кезде үйсін елінде 120 мың түтін, 630 мың адам, 188 800 сайлаулы әскер болды. Салыстырар болсақ, сол заманда батыс өңірде болған 40 мемлекетте 39 895 түтін, 309 757 адам, 70 499 әскер болғанда, үйсіндердің жан саны олардан екі есе, әскер саны екі жарым есе артық еді. Ол заманның деңгейімен алғанда, үйсіндердің аса құдіретті

мемлекет болғандығы осыдан байқалады» (Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 68-б.). Сондай-ақ 600 мың адамы бар қаңлылар 120 мың сарбаз шығарған.

15 ғасырдың 2-жартысында мемлекет атрибуттарының барлығына ие болған Қазақ хандығы туралы

жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі 1465 жылы Керей мен Жәнібек

сұлтандардың басшылығымен Қазақ хандығы құрыла бастаған кезеңде, олардың қол астына жиналған халық саны 200 мың адамға жеткенінен хабардар етеді. Сондай-ақ 16 ғасырдың 1-ширегіндегі қуатты қазақ хандарының бірі – Қасым хан тұсында халық саны бір млн адамға жеткен деген есеп бар.

Қазіргі Қазақстанның аумағында орталықтандырылған статистикалық қызметтің туындауы және ха-

лық пен қоғамдық құбылыстардың сандық жағын біршама жүйелі түрде есепке алу әрекеттері, 17 ғасырдың 2-жартысына, яғни Қазақстанның кейбір бөлігінің Ресей империясының құрамына кіру кезеңіне тиесілі.

Ресейде әрбір адамды санаққа алу І Петрдің 1718 жылғы жарлығынан бастау алды. Шаруалардың, қолөнершілердің, саудагерлердің және т.б. жан басын есепке алу мақ-



сатында үкіметтің тағайындауымен жүргізілген ревизиялар кезінде халық саны туралы мәліметтер жи-

налды. Мұндай ревизиялар Ресей тарихында 10 рет: 1719 жылы, 1744–

45 жылы, 1763 жылы, 1782 жылы, 1795 жылы-, 1811 жылы, 1815 жылы, 1833 жылы, 1850 жылы және 1857 жылы өткізілді. Әрбір ревизияны жүргізу бір-екі жылға созылды.

Мұндай жанбасылық санақтың соңғылары Қазақстанның кейбір аумағындағы халықты қамтыды. 19 ға-

сырдың 60-жылдары шаруалардың басы-байлылығы туралы құқықтың жойылуынан бастап, есепке алудың бұл түрі тоқтай бастады. Ендігі жерде ірі, кейде шағын қалаларда жергілікті халық санағы өткізіле бастады. Мысалы, 1873 жылы Астрахан губерниясында, ал 1877 жылы қазақтардың айтарлықтай бөлігі тұратын Ақмола облысында

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ

қалалық халық санағы өткізілді. Сондай-ақ Ресейдің саяхатшы ше-неуніктері жан басы мен мал са-нын аймақтар бойынша қайта-қай-та есепке алу жолымен статистика-лық мәліметтер жинаған. Бірақ мұндай жолмен есептеу кезінде бірыңғай әдіснама ескерілмей, жал-пы бағдарлама және оның өткізілу уақыты сақталмады. Тұрғындар кө-біне өздерін, туылған ер балалары-ның және нақты мал санын жасы-руға тырысты. Себебі, халық пат-ша үкіметінің бұл мәліметтерді ха-лықтан көбірек салық жинау үшін қолданатындығын түсінген.

Соған қарамастан, Ресей импе-риясының бірыңғай мемлекеттік статисти-ка-сының ұстанымдары Қа-зақстан аумақтарына да ене бас-тайды. Ресейдің Қазақстанды бас-қаруға қатысты 19 ғасырдың 60-жыл-дарының соңында жүргізілген әкімшілік-реформаларының нәти-жесінде арнайы статистикалық және жергілікті қызмет көрсету органа-ры құрылғаннан соң қазақ жерінде түпкілікті бекітіледі.

19 ғасырда Ресейдің ғалым-ста-тистиктері- қазіргі Қазақстан және онымен шекаралас, халқының басым бөлігі қазақтардан тұратын кейбір аудандардағы қазақтардың санын төмендегідей (1-кесте) есептеді. Бі-рақ бұл санды толыққанды деп ай-та алмаймыз.

1-кесте

1830–70 жылдардағы Қазақстан халқының динамикасы (млн адам)

Жылдар	Барлық халық саны	Қазақтар саны
1830	1,5	1,3
1850	1,7	1,5
1870	3,6	2,4

(Жумасултанов Т.Ж., Ибраев А.Т. *Население Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы, 2000. – 152-б.*)

Сонымен, қазіргі ұғымдағы ха-лық санағы өз тарихын 1790 жылғы АҚШ-та жүргізілген санақтан бас-тайды. Халық санағының өзіндік тәртібі, ережелері бар. Халық са-нағын тұрғындардың бір мезгілдегі сандық бейнесі деп айтуға болады. Халық санақтарында ғана халық-тың саны, ұлттық құрамы, тууы, өлім-жітімі, көші-қоны, жас-жы-ныстық, білімі және кәсіби құрамы туралы нақты көрсеткіштер болады.

1897 жылы Ресей империясын-да жүргізілген І Бүкілресейлік жал-пы халық санағы Қазақстанды қам-тыған алғашқы халық санағы болып табылады. 1897 жылғы санақтан қазірге дейін Қазақстан тарихында 11 рет халық санағы өткізілді: 1897 жылғы патша билігі тұсында өткен жаппай халық санағы; 1920 жылы, 1926 жылы, 1937 жылы, 1939 жылы, 1959 жылы, 1970 жылы, 1979 жылы және 1989 жылы – кеңес дәуірі тұсындағы халық санақтары және 1999 жыл мен 2009 жылғы – тәуел-сіз Қазақстан Республикасының Ұлттық халық санақтары. Олардан бөлек кеңестік кезеңде қалалық, ауыл шаруашылық санақтары да өткізіліп тұрды.

1897 жылы 9 ақпанда (ескі стиль бойынша 28 қаңтарда) өткізілген Ресей империясының бірінші және жалғыз санағының бағдарламасы атақты ғалым-саяхатшы Семенов Тянь-Шанскийдің жобасымен жа-салды- және ол Ресей империясы-ның мүддесі- тұрғысынан жүргізіл-ді. Са-нақта қазақтар әр отбасында орташа- есеппен 5 адамнан болады деген- мөлшер негізге алынды. Ха-лық санағын өткізуде әр отбасы мөлшерін- негізге алу жүйесі түркі халықтары тарихында көне дәуір-ден орта ғасыр кезеңіне дейін бел-гілі болатын. Мысалы, б.з.б. Үйсін

елінде әр түтін басынан бір сарбаз-дан алу дәстүрі орныққан еді. Тарих ғылымдарының кандидаты, белгі-лі ғалым Өлімғазы Дәулетхан «Түр-кештер» атты кітабында атап көр-сеткендей, түркештер әскер қата-рына әр отбасынан бір сарбаз алып отырған. Егер отбасында жарар-лық жалғыз бала болса, онда сол отбасының түтіні өшіп қал-мауы үшін сарбаздық міндетінен босаты-латын дәстүр болған. Сонда халық санын- білудің тәсілі әр отбасынан алынған- сарбаздар санына қарай анықталып- отырған.

1897 жылғы Ресей империясын-да жүргізілген санақ мәліметтері бойынша-, қазіргі Қазақстан аума-ғында 4 147,7 мың адам тіркелді. Соның ішінде- қазақ халқының- саны 3 392,7 мың адам немесе 81,7%,

орыстар 454,4 мың – 10,9%, ук-раиндар 79,5 мың – 1,9%, татарлар 55,9 мыңнан аса – 1,4%, ұйғырлар 55,8 мыңнан аса – 1,4%, өзбектер 29,5 мыңнан аса – 0,7% және т.б.

(Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. *Социально-демо-графические процессы в Казахстане (1917–80 гг.)* – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 42-б.).

1917 жылы ауыл шаруашылығы санағы болды. Санақ 1917 ж. тамыз айында басталып, кей жерлерде 1918 жылдың қаңтарына дейін созылды. 1917 жылғы ауыл шаруашылығы санағы Түркістан жерін толығымен қамтығанымен, Қазақстанның басқа жерлерінде жүргізілмеді. Соған қарамастан, мұндағы халық саны, кәсібі, мамандықтарына байланыс-ты құрамы- жайлы мәліметтерді қа-жеттілігіне- қарай қолдануға болады.

Алғашқы кеңестік халық санағы 1920 ж. 28 тамызда жүргізілді. Қа-зақстанның бірқатар жері санаққа ілінбей, кеңестік билік орнаған аумақтың 72%-ын қамтыды. Санақ соғыс коммунизмі мен большевик-

тік террор жағдайында жүрді. Жалпы халық санағымен бірге ауыл шаруашылық санағы да жүргізілді.

1923 жылдың 5 наурызында бірінші қалалық халық санағы және бір мезгілде өнеркәсіп орындары мен сауда кәсіпорындарының санағы жүрді. Халық жасына, жынысына және шұғылданатын ісі бойынша саналды. Санақ жаңа эконо-микалық саясаттың жүргізілуіне орай өткізілді. Ірі және кіші мекеме-лердің, яғни мемлекеттік не-ме-се-жеке коммерциялық ме-кеме-лер-дің тір-келуін жаңарту, олардың мемле-кетке-төлер салығын реттеу үшін қажет болды. Санақ мате-риал-дарын-өңдеу мәселесімен бі-лікті маман айналысты. Са-нақ материалдары халықтың саны, қалалардағы ор-наласуы, ай-на-лы-сатын кәсібі бо-йынша мә-ліметтер-берді. Бұл са-наққа Қазақ-станның қалалары то-лық қамтылды-деуге болмайды. Орал облысының-Форт Урицкий және Орынбор-губерниясында болған Тор-ғай қалалары көлік жолының қолай-сыздығынан 1923 жылғы санаққа енбей қалды.

1920 жылы да, 1923 жылы да қазақ жерлері Түркістан АКСР-і мен Қазақ АКСР-інің құрамында бөлек

басқарылғандықтан, мәліметтері де жеке республикалар негізінде жинақталды. Санақ материалдарын пайдаланарда Түркістан АКСР-і құрамындағы Сырдария мен Жетісу облыстарының құрамындағы қазақ жерлерін бөліп алып қарастыру керек (Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры. – Алматы, 2011. – 71-б).

1925 жылдан бастап жаңа санақты даярлау және өткізу қызу талқылана бастады. Статистикалық мекемелер жүйесінде қайта құрулар жүрді. 1920 жылдың ортасынан бастап губерниялық статистикалық бюролар Қазақ Орталық статистикалық басқармасының жүйесіне кіргізілді. Санақ мәселесімен Қазақ Орталық (ОСБ) статистикалық басқармасының Демография бөлімі айналысты. Ең толық халық санағы 1926 ж. өткізілген кеңестік екінші, Бүкілодақтық алғашқы халық санағы болды. Санақта қарастырылған сұрақтар 1920 жылғы санақтың сұрақтарына ұқсас болды: халықты жынысына, жасына, ұлтына, ана тіліне, туған жеріне қарай сипаттады. Санақта жұмыссыздық, оның ұзақтығы, жауап берушінің қосалқы жұмысы, оның әлеуметтік тегі, ма-

мандығы мен жұмыс орны тура-лы сұрақтар да болды. 1926 ж. санақты жүргізудің әдістемесі ерекше тәптіштеліп, жан-жақты ойлас-тырыла даярланды. Санақтың сұ-рақтарына, соның ішінде көші-қонға қатысты сұрақтарға жауапты жинау әдістемесі жетік ойластыры-ла өткізілді. Өзінің әдіснамасы мен ұйымдастырылуы жағынан бұл санақта халықты есептеудің әлемдік академиялық және тәжірибелік жетістіктері қолданылды. Санақ бағдарламасын даярлау мен санақты өткізу жұмысын Сорбонна (Париж) университетін бітірген математик әрі Мәскеу мемлекеттік университе-тінің медициналық факультетінде оқыған медик О.А.Квиткин бас-қарды. Санақ материалдарын өң-деу, оны жариялау мерзімі сол жылдарға сай өте тиімді деп есеп-теледі. Материалдардың көптүрлі-лігі мен бай мазмұнына орай, КСРО бойынша сол кездегі есеппен тең келетін статистикалық жинақ жоқ. Санақ бағдарламасында көші-қонға байланысты 6 - және 7 -сұрақтар белгіленді: «6. Туылған жерің осы жер ме, жоқ па? ба. Жоқ десен, онда қай жерде? 7. Бұл жерде қанша жыл тұрасың?»

2-кесте

1897–26 жылдардағы Қазақстан халқының динамикасы

Этностар	Жылдар		Өсім	
	1897	1926	Абс.	%
Қазақтар	3392,8	3627,6	234,8	107
%	81,8	58,5	- 23,3	
Орыстар	454,4	1275,1	820,7	281
%	11,0	20,6	+ 9,6	
Басқа этностар	300,6	1293,7		430
%	7,2	20,9	+ 13,7	
Барлығы:	4147,8	6196,4		49
%	100	100		

(Жаркенова А. Население Казахстана по Первой всеобщей переписи 1897 г. (демографический анализ). Автореф. дисс. ... к.и.н. – Алматы, 2002.)

1926 жылғы халық санағы кеңейтілген бағдарлама бойынша жүргізілді. Жеке парақша, жанұя картасы және т.б. сұрақтар енді.

Санақтың жалпыодақтық бағдарла-масына- қосымша Қазақстандағы ша-руашы-лық-тарға қатысты, қазақ халқын толық есептеуге арналған- бақылау қағазы болды. Бұл қосымша-ша жинақ бақылау парақша-сы ретінде қолданылды және қазақ жұртшылығының толық есеп-ке алынуына мүмкіншілік берді. Қосымша жинақ қазақ шаруа-шылықта-рына арналған көп түрлі сұрақтар бағдар-ла-масынан құрылған, мұнда этно-графия-лық, әлеуметтік-эконо-микалық-аспектілер қамтылған. Бұл формулярдың санақтың сапалы өткізілуіне- көмегі тиді.

1927 жылғы Екінші қазақстандық статистикалық конференция-ның Қазақ ОСБ санақ бөлімінің меңгеру-шісі- Н.Крутилинаның баяндамасына орай жасалған резолюциясында санақ халықты толық қамтыды деп атап көрсетілді. Бірақ санақ кезінде- ілінбей қалып, санақ-қа кірмеген- адамдар да болды. Соған орай, қазақстандық тарихшылар М.Асылбеков пен Ө.Ғали 1926 жылғы санаққа халықтың 4–5%-ы ілінбей қалды деп есептесе, демо-граф М.Тәтімов 6–7%-дай деп есептейді. Ал 1937 жылғы санақ жүрген- кездегі статистиктердің есептеуі бойынша 1% халық есепке алынбай қалған.

1926 жылғы санақтың материалдары толығымен жарияланды. 56 томнан тұратын санақ материалдары 1927–33 жылдар аралығында жарық көрді. 1928 жылы Қазақстан-ға қатысты 8-том басылып- шыға-

рылды (*Всесоюзная пере-пись населения 1926 г. / Осно-вные- итоги. – Отдел I. – М.: Издание ЦСУ Союза ССР, 1928. – Т. 8.*).

Келесі 1937 жылғы санақты даяр-лау мен өткізуде Квиткин, Л.С. Брандгендлер, М.В.Курман, И.А.Кравальдың еңбектері ерекше. Бұл санақ – тарихта «қуғын-сүргінге ұшыраған санақ» деп аталған, нәтижесі Сталин мен оның айналасын қанағаттандырмағандықтан, «қате» деп табылып, ұйымдастырушылары «халық жаулары» аталып, жазалауға ұшыраған. Алғашқы екі бесжылдықтағы кеңес өкіметінің жеңісін көрсетуге тиісті болған санақ материалдары КСРО-дағы халық санының өспегенін, соның ішінде Украина мен Қазақстандағы халықтың күрт кемігенін айғақтап, тоталитарлық жүйенің қателіктерін көрсетері анық болғандықтан, сол жылдың қыркүйек айында «дұрыс жүргізілмеген, санақты жүргізуге жауапты адамдары шпиондар» деп бағаланып, жазалауға ұшырады.

Мемлекеттік жоспардың алдын ала есебі бойынша 1937 жылы халық саны 180,7 млн болуы керек еді. Халық шаруашылығы есебі орталық басқармасының (ХШЕОБ) бас-тығы Кравальдың 1936 жылы нақ-тылаған есебінде 1937 жылдың ба-сына қарай КСРО-дағы халық саны 170–172 млн болады деп көрсетілді.

Санақ Украина мен Қазақстандағы 1929–33 жылдардағы ашар-шылықтан адамдардың қырылғанын, сыртқа кеткенінен кемігенін раста-ды. 1937 жылы қаңтар айында санақтың материалдарын реттеу шаралары қол-даныла бастады деуге болады. Тек-се-рулер көбейді. Қазақстандағы санақ-тың дұрыс жүргізілген-жүргізіл-мегенін тексерген И.Д.Вермени-чевтің бригадасы (жазалан-ған И.А.Кравальдың орнына тағайын-далған) халық саны ерекше кеміген аудандарды таңдап алды. Тексерулер-, мысалы, Ақмола ауданы-

бойынша 0,12% бен 0,44% аралығында санаққа енбей қалған-дарды анықтады. Санаққа енбей қалғандарды анықтаған комиссия Қазақстан бойынша 23 аудандағы әрбір жағдайды қатаң тексергенімен, 1937 жылғы санақта халық 0,99%-ға дейін ғана кем есептелінгенін анықтады. Бұл 1937 жылғы санақ мәліметтерінің дәл екендігін көрсетеді. Бірақ Верменичев Халық бақылау комитеті төрағасының орынбасары-на жазған баян-дамасында- алынған нәтижелерді көтере көрсетіп-, Қазақстан бойынша 4,7%-ға кем есептелінген деп жібереді (*Құдайбергенова- А.И. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демо-графиялық- қыры. – Алматы, 2011. – 75-б.*). Осыдан кейін халқы кеміген- республикаларға қосымша санақ қағаздары жіберіліп, адамдар саны өсірілді. «Санақ қағазында дұрыс жазылмай қалған болуы керек, сондықтан сіздерге жіберілген мәлімет-тердегі адамдар санын ірі елді мекендердегі халық санына қосы-ңыз-дар» деген нұсқаулар республикаға түсе бастайды (*Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 698-қ., 21-т., 3-іс, 27-, 47-, 47-қайыр-масымен, 48-п.*).

3-кестеде 1937 жылғы санақтың алғашқы қорытындылары, кейіннен, арнайы контингенттер мен қосалқы сандарды қосу арқылы адам санын көтерген 1937 жылғы санақ материалдары бойынша Қазақстан халқының саны туралы мәлімет- келтіріледі. 1926 жылғы санақпен- салыстырғанда, қайта есептелінбеген- кездегі 1937 жылғы санақ материалдары бойынша, Қазақстан халқы 958,4 мың адамға кемігені көрінеді. Көп ұзамай арнайы санақ қағаздарын жіберу арқылы халқы көп кеміген республикаға 400 мың адам санын қосқаннан кейін 1926–37 жылғы санақтар арасында Қазақстан

3-кесте

1926–37 жылдардағы санақ бойынша Қазақстан халқының санындағы өзгерістер

Қазақ КСР	1926 ж.			1937 ж.			1926 жылға қарағандағы 1937 жылғы өсім (%)		
	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл	барлығы
Барлығы	517220	5561350	6078570	1357215*	4162958*	5520173*	262,4	74,9	90,8
1937 жылғы қайта есептелінбеген кездегі санақ бойынша Қазақстан халқы**				1277215	3842958	5120173	246,9	69,1	84,2
Алғашқы есеп пен қайта есептелінген 1937 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының санындағы өзгешелік				80000	320000	400000	15,5	5,8	6,6
* Қайта есептелініп, қосымша адамдар қосқан кездегі халық саны. ** Қайта есептелінбеген 1937 жылғы санақ бойынша.									

(Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры. – Алматы, 2011. – 75-б.; Ресей мемлекеттік экономика мұрағаты (РМЭМ). 1562-қ., 329-т., 151-іс, 175-п.; РМЭМ. 1562-қ., 329-т., 199-іс, 97-п.)

халқы 558,4 мың адамға кеміген болып шықты. Бірақ халқы өскен басқа республикалармен салыстырғанда (Украинадан басқа) халқының кемігені жасырыла алмады.

1937 жылғы халық санағында қазақтар санының күрт кемігені 1929–33 жылдары болған Қазақстандағы ашаршылықтың салдары еді.

Қазақстандағы қасіреттің көлемін ҚазХШЕБ-нің 1930–36 жылдардағы ауыл халқының құрамының динамикасы жайлы есебінен байқауға болады: 1930 жылы – 5873,0 мың адам, 1931 жылы – 5114,0 мың адам, 1932 жылы – 3227,0 мың адам, 1933 жылы – 2493,5 мың адам, 1934 жылы – 2681,8 мың адам, 1935 жылы – 2926,0 мың адам, 1936 жылы – 3287,9 мың адам. 1930–36

жылдары Қазақстанның ауыл халқы 2 5851 адамға кеміген. Жалпы, 1931–33 жылдардағы ашаршылық нәтижесінде қазақтардың жартысына жуығының (49–52%) қырылғаны, 1,1 млн-нан 2,5 млн-ға дейін құрбан болғаны анықталды (Қозыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. – Кн. 1. – Алматы: Ғылым, 2000). Бұл жылдары аштықтан

қырылған қазақтардың жалпы санын 2,5 млн-дай немесе республика халқының 52,9%-ы деп көрсеткен С.Айымбетовтің тұжырымы шындыққа біртабан жақын деуге болады (Айымбетов С. 1931–33 жылдардағы ашаршылық құрбандарын анықтасақ // Ақиқат. – 1999. – №9–10. – 63–66-б.).

Т.Омарбековтің еңбегінде 1929–31 жылдары Қытаймен шекаралас Қазақстан аудандарындағы халықтың саны шамамен 87000 адамға кемігенін, ал ОГПУ-дың мәліметтеріне қарағанда, 1932 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанның Батыс Қытайға өтіп кеткен қазақтарының саны 60 000-ға тарта адам болғанын айқындайды. М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілғожин Қытайда, Моңғолияда, Ауғанстанда, Иранда 200 000 қазақ босқындарының Қазақстанға қайтпай, сонда қалып қойғаны туралы айтады. Ашаршылық жылдары республикадан 1,130 мың адам кетті, олардың 676 мыңы қайтпады, 454 мыңы кейінірек Қазақстанға қайта оралды.

4-кесте

1937 жылғы халық санағы бойынша

Қазақстан халқының этностық құрамы

Этностар	Саны	Үлесі(%)
Барлық халық	5 126 676	100
Қазақтар	2 181 520	42,6
Орыстар	1 917 673	37,4
Украиндар	549 859	10,7
Өзбектер	109 978	2,2
Татарлар	92 096	1,8
Немістер	80 568	1,6
Ұйғырлар	32 982	0,7
Мордовалар	21 511	0,4
Дүнгендер	7 007	0,1
Қырғыздар	5 024	0,1
Басқа этностар	128 458	2,5

(Всесоюзная перепись населения 1937 года: общие итоги. Сборник документов и материалов. – Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2007. – 109-б.)

КСРО аумағындағы қазақтар саны 1937 жылы – 2 862 458 адам, оның ішінде РКФСР-де – 292 099, Қазақ КСР-інде – 2 181 520, Өзбек КСР-інде – 287 214, Түрікмен КСР-інде – 60 035, Тәжік КСР-інде – 12 396, Қырғыз КСР-інде 25 541 адам болған.

1937 жылғы республика халқы 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 1,3 есеге азайған. Қазақтар – 1,7 есе, украиндар – 1,6 есе, мордовалар – 1,3 есе, өзбектер – 1,9 есе, қырғыздар – 2,1 есе, басқа ұлт өкілдері – 1,6 кеміген. Орыстар – 1,5 есе, немістер – 1,6 есе, татарлар – 1,1 есе көбейген.

5 -кестеден көріп отырғанымыздай, екі санақ арасында қазақстандықтар 1,076,1 мың адамға кеміген. Оның 1,446,1 мыңы қазақтар, ал 310,2 мыңы украиндықтар. Басқа этностар: қазақстандық қырғыздар 5042, дүнгендер 1438, мордовалар 21511, ұйғырлар 18821, өзбектер

1926–37 жылдардағы Қазақ АКСР-індегі этностар динамикасы

Ұлттар	1926 ж.	1926 ж. (Қарақалпақ автоном. облысынсыз)	1937 ж.	Өсім (Қарақалпақ автоном. обл. есептемегенде)
Барлығы	6500,9	6198,5	5120,1	-1076,1
Қазақтар	3713,4	3627,6	2181,5	-1446,1
Орыстар	1280,0	1275,1	1917,6	+642,5
Украиндар	860,8	860,1	549,9	-310,2
Басқа этностар	646,7	433,5	471	+37,5

(Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 141-қ., 1-т., 5149-іс, 82-, 103-п.)

103082 адамға кеміген. Бұлардың едәуір бөлігі Қазақстанға көрші республикаларға қоныс аударған, ал ұйғырлар мен дүнгендердің бір бөлігі Батыс Қытайға кеткен. Сонымен қатар екі санақ арасында Қазақстанда орыстар 642,5 мың адамға немістер 29466 адамға, ал татарлар 11369 адамға өскен.

1937 жылы санақтың құжаттары құпияландырылып, негізгі бөлігі жойылып кетті. 1937 жылғы санақтың материалдарын жоғалтқандар, мәліметтерін пайдаланғандар жазаланды. Материалдары құпияландырылып, жойылды. Есеп-телінбей қалғандар санын мейлінше өсіре отырып, КСРО халқы 168,5 млн адам деп саналды. 1939 жылы санақ өткізілгеннен кейін 1937 жылы санақтың дұрыс яки дұрыс емес екендігін ешкім қайта іздемеді.

1938 жылы үлкен тазалау жүргізілді. Санақ қағаздары өзгертілді: ұлттық белгісі оңайлатылды, сауаттылық графасы сауатты адамдар көп болатындай етіп өзгертілді, діни сенімі деген сұрақ алынып тасталды және т.б. Санақты жүргізу барысында да «халық жаулары» жазаланып отырылды.

1937 жылғы санақ «кәте, жарамсыз» деп бағаланғаннан соң, 1939 жылы 17–24 қаңтарда қайтадан

халық санағы өткізілді. Санақ қағазында 16 сұрақ болды.

1939 жылғы санақтың мақсаты партия және үкіметтің бұйрығымен берілгенді есептеу болған. Статистика осы қойылған шартпен орындап шығатындығына ешкімде күмән болған жоқ. Қала жұртшылығының күрт өсуін дәлелдеу үшін бірқатар елді мекендердің мәртебесі өзгертілген: жүздеген кенттер қала атағын алған. Қорытындыда керекті цифрларды алуға мүмкіндік туды. Сөйтіп, бұл кездегі тұрғындардың саны 1926 жылмен салыстырғанда екі есеге көбейгендігін көрсетті.

Қамаудағы адамдарды санаққа алу бөлек мәселе болды. Халық тығыздығы бір шаршы метрге бір адамнан келетін облыстардың, бір сәтте халқы тығыз қоныстанған облыстар болып шығуына жол берілмеуі керек болған. Сондықтан қамауда отырған адамдарға арналған санақ парақтары (1939 жылы шамамен 3 млн дана болған) бүкіл ел аумағы бойынша аз ғана мөлшермен біркелкі таратылған.

1939 жылғы санақ 1937 жылғы санақтың қорытындыларын жоққа шығармады. Санақты ұйымдастырушылар өздеріне дейінгілердің қайғылы тағдырын кешетіндіктерін сезгеннен соң, шұғыл түрде санақ-

қа алынбаған азаматтарды іздей бастады. Үй-жайы жоқ адамдарды ұстап, санаққа алған және қатынауға қиын жерлерге арнайы экспедициялар ұйымдастырған. Соңында ұйымдастырушыларды арнайы марапаттаған, ал мәліметтерді өте қысқартып түрде басылымдарға шығарған.

1939 жылғы санақтың қорытындысы тез жарияланғанымен, негізгі санақ қорытындылары, 7 томдық материалдары құпияландырып, жарияланбай қалды. 1939 жылғы халық санағының материалдары КСРО ыдырағаннан кейін жарық көрді. Қазақстанға қатысты бөлігі академик Асылбеков бас таған ғалымдардың ізденісі арқасында жинақталып, жариялана бастады (М.Х. Асылбеков, А.И. Құдайбергенова. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939–59 ж.). – Алматы: Өркениет 2005. – 160-б.).

1926 жылы көршілес республикаларда 314 мың қазақ тұрып жатса, 1939 жылғы санақта 1,194 мың екені көрсетілген. 1926–39 жылдардағы босқындар есебінен қазақтардың саны Ресейде 2,3 есе, Өзбекстанда 1,7 есе, Түрікменстанда 7 есе, Қырғызстанда 10 есеге өсті.

Бірақ санақ мәліметтері ұзақ уақыт бойы КСРО мұрағаттарының қорларында сақталды. Олардың жаңадан өңделуі 1959 жылы бас-талған.

Бұл санақтың мәліметтері 1960 жылғы 1 қаңтардағы әкімшілік-аумақтық шекаралар бойынша қайтадан есептелген. Талдықорған облысы Алматы облысына қосылған, Павлодар облысының Бесқарағай ауданы Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан обл.) облысына берілген; Алматы қаласының қоныстар құрамы өзгертілді, Жамбыл (Тараз), Өскемен, Көкшетау, Теміртау жаңа қалалық қоныстар: Талғар, Сыр-

1926, 1939 жылдардағы халық санағы бойынша Қазақстан халқының этностық құрамы

	1926 ж.		1939 ж.	
	Саны	Үлесі (%)	Саны	Үлесі (%)
Барлық халық	6 198 467	100	6 093 507	100
Қазақтар	3 627 612	58,5	2 313 674	38,0
Орыстар	1 275 055	20,6	2 449 128	40,2
Украиндар	860 201	13,9	656 676	10,8
Немістер	51 094	0,8	92 379	1,5
Татарлар	79 758	1,3	106 943	1,8
Өзбектер	129 399	2,1	103 240	1,7
Беларусьтар	25 584	0,4	31 309	0,5
Ұйғырлар	63 432	1,0	35 354	0,6
Корейлер	42	0,0	95 903	1,6
Басқа этностар	86 290	1,4	208 902	3,3

(Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5т. – Алматы:

Арыс, 2009. – Т.1.)

дария және т.б. құрылған.

Қазақстан халқы 1939 жылы 6,093,5 мың адамнан 1959 жылы 9,295 мың адамға жетіп, 151,1%-ға өскен.

1939–59 жылдары республика тұрғындары- сырт-тан келгендер есебінен өсті. 20 жыл ішінде қазақ халқының саны 474 мың адамға (19,7 %) ғана көбейсе, орыстар 1523 мыңға (62 %), украиндар 105 мыңға (16 %), татарлар 85 мыңға (79 %), өзбектер 33 мыңға (32 %), беларусьтар 76 мыңға (3,4 есе), ұйғырлар 24,4 мың (69 %), басқа ұлттар 311 мыңға (2,6 есе) өсті. 1939 жылы неміс халқының саны 92 мың адам болса, 1959 жылы 659 мыңға жетті (7,2 есе көбейген), әзербайжандар 12 мыңнан 38 мыңға өсті, корейлер Қиыр Шығыстағы еліне қайтуына байланысты осы мерзім ішінде 22 мыңға кеміп, бұрынғы санының 77 %-ын құрады.

Республикада 1959 жылы 9 294 741 адам болды. Негізгі ірі этностардың арақатынасы төмендегідей: қазақтар 2 787 мың (29,8 %), орыстар 3 942 мың (42,7%), украин-

дар 761 мың (8,2 %) немістер 659 мың (7,1%), татарлар 192 мың (2,1%), өзбектер 136 мың (1,5 %), беларусьтар 107 мың (1,2 %), ұйғырлар 60 мың (0,6 %), корейлер 74 мың (0,8 %), әзербайжандар 38 мың (0,4 %), тағы басқалары 508 мың (5,5 %) адам.

Этностардың ішінде жоғары қарқынмен урбанизацияланған орыстардың (15,3%-ға), украиндардың (17,6%-ға) және немістердің (16,0%-ға) қала тұрғындары құрамындағы үлестері көтерілген. Қалған этностардың қалаларға орналасу қарқыны төмен болды: қазақтар 7,9%-ға ғана өсті, өзбектер мен ұйғырлар қалаларға аз қоныстанған. Қала халқының құрамындағы корейлердің саны ерекше жылдам қарқынмен көбейді: 20 жылда олардың саны 24,6 %-ға өсті.

1970 жылы қаңтарда Бүкілодақтық халық санағы жүргізілді, бұл санақ ұйымдастырушылық методологиялық және баспа жұмыстары бойынша алдыңғы жүргізілген санақтардан ілгері болды және

оның жарияланған қорытындылары 1926 жылғы халық санағының деңгейіне жетті. 1970 жылғы халық санағы 15–20 қаңтар аралығында жүргізілді. Халық тұрғылықты жерінде, ең болмағанда уақытша тұрған жерлерінде санаққа алынды, бірақ бұрынғыдай жұмыс немесе қызмет атқару орындарында есепке алынған жоқ. Санақ парақтарын арнайы іріктеліп дайындалған сұхбатшылар халық тұратын немесе тұрғын үйлерді, кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді аралап, толтырды. 1970 жылғы халық санағы бағдарламасы барлық халыққа арналған 11 сұрақтан және халықтың 25%-ы сұхбатталған 7 сұрақтан тұрады. Санақ парақтары-сұхбатшылардың халықпен-сұхбат жүргізуі арқылы толтырылады. Халық санағы аяқталғаннан кейін 1970 жылы 24–29 қаңтар аралығында санақтың дұрыс-тығын тексеру мақсатында іріктелген бақылау жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарды нұсқаушы-бақылаушылар сұхбатшылармен біріге отырып жүргізді. Қайталап бақылау мен қалалық жерлердегі әрбір есептік телімдегі тұрғын ғи-марат-тарының 50%-ы, ал ауылдық жерде есепші телімдердің 50% -ы қамтылған. Қайталап бақылау нәтижесінде халықтың 0,2%-ы сұхбатшылармен есепке алынбағандығы анықталды, ал бүкіл халықты тексеру кезіндегі көрсеткіш- 0,25%-ды құраған. Халық санағының қорытындысын өңдеу мен дайындау кезінде әкімшілік-аумақтық қайта жаңартулар да ескерілген. Мысалы, Торғай облысы-сындағы және Қазақ, Өзбек КСР-і араларындағы шекараларының ішінара жаңартулары ескерілген.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ

7-кесте

1970 жылғы санақ бойынша Қазақстан
халқының этностық құрамы

Ұлты	Ұлттың саны	%-бен
Барлық халық	13 008 726	100
Қазақтар	4 234 166	32,6
Орыстар	5 521 917	42,4
Украиндар	933 461	7,2
Немістер	858 077	6,6
Татарлар	287 712	2,2
Өзбектер	216 340	1,7
Беларусьтар	198 275	1,5
Ұйғырлар	120 881	1,0
Корейлер	81 598	0,6
Өзербайжандар	57 699	0,4
Басқа этностар	498 600	3,8

(Итоги Всесоюзной переписи населения
1970 г. – М.: Статистика, 1973. – 272-б.)

КСРО аумағындағы қазақтар саны – 5 298 818, оның ішінде РКФСР-де 477820, Өзбек КСР-інде – 476 310, Қазақ КСР-інде – 4 234 166, Қырғыз КСР-інде – 21 998, Тәжік КСР-інде – 8 306, Түрікмен КСР-інде – 65191 адам болған. 1970 жылғы халық санағы бағдарламасындағы адамдардың ұлты мен ана тілі бойынша сұрақтары былай тұжырымдалған: «Ұлты. Шетелдіктер қосымша азаматтығын көрсетуі керек» және «Ана тілі. Сонымен қоса КСРО халықтарының қайсысының тілдерін еркін меңгерген». Халық санағының нұсқаулықтарының талаптары бойынша, ұлты жайындағы сұрақтарға сұхбатшылар «сұраққа алынушының атаған ұлтын» және ана тілі жайындағы сұраққа «сұраққа алынушының өзі ана тілім деп есептейтін тілді ғана» жазулары керек. Және сана тілімен қатар КСРО халықтарының тілдері де жазылған (еркін меңгеріп, сол тілде сөйлей алған жағдайда).

Балаларының ұлтын анықтау Санақ бағдарламасы 16 сұрақтан қиындық тудыратын отбасыларда тұрды, оның 11 сұрағына жауап анасының ұлты жазылатын болған, бірыңғай санақтан, ал қалған 5 сұ-бұл тәсіл 1939, 1959 және 1970 раққа жауап тұрақты халықтың 25%-жылғы санақтарда да қолданылған. ынан алынды (іріктелген санақ).

Екі санақ аралығында респу- Санақ кезінде және одан кейін де ка халқы 1959 жылы 9 294,7 мың деректердің дұрыстығы мен толық-адамнан 1970 жылы 13 008,7 мың тығын қамтамасыз ету үшін бақы-адамға жетіп, 3 714,0 адамға (39,9%) лау шаралары қабылданған: бақы-өскен. Қазақтар осы кезеңде 1 446,9 лау бланкілері жасалып, санаққа мың адамға, яғни 51,9%-ға өскен. алынғаны-алынбағаны тексерілген. Орташа жылдық өсімі 131532 адам, 1979 жылғы санақ бағдарламасын-ал республика тұрғындары табиғи дағы туған жылы және толған жасы өсімінің есебінен жылына 258 мың жайындағы сұрақтардың құрылы-адамға өсіп отырған, республикадағы мы анықталған. Жаппай халық са-үлестік салмағы 1959 жылы – 30%, нағына мынадай сұрақтар қосылған: 1970 жылы – 32,5% құрайтын үй иесіне деген туыстық қатынасы, қазақтар, осы он жылда республика халықтың санаты (тұрақты немесе тұрғындарының жалпы өсімінің нақты), жынысы, жасы, некелік 38,96%-ын берсе, қалған этностар жағдайы, ұлты, ана тілі, КСРО ха-61,04%-дық өсім берген, әрине, бұл лықтарының тілдерін еркін мең-республика көлемінде қазақ ұлты гергендігі, білімі, күнкөріс көзі. санының және үлестік салмағының іріктелген санаққа қосымша жұмы-тез өсуі қолайлы демографиялық сы мен шұғылданатын ісі бойынша ахуалдың туындауына жол ашты. сұрақтар енгізілген. Осы кезеңнің қазақтар үшін тағы 1989 жылы 12 қаңтарда КСРО-бір ерекшелігі, 1970 жылғы санақ ның соңғы халық санағы өтті. Санақ бойынша, он жасқа дейінгі қазақ- материалдары 1980 жылы елдегі тар саны 1 574972 адам болып, рес- саяси, экономикалық, әлеуметтік пубикадағы қазақтардың 37,2%- және демографиялық ахуалдан ын, ал республикадағы сол жас- хабардар- етті. Осы кезеңдегі халық-тағылардың 47,9%-ын, жалпы қа- тың әлеуметтік және демографиялық зақтарды қосқанда республика хал- құрылымында жүрген бірқатар өз-қының 25,2%-ын (3 284863 адам) герістер республикадағы көші-қон құраған.

үдерістеріне де қатысты болды. 1965 1979 жылы 17 қаңтарда кезекті жылдан басталған, көші-қонда кері Бүкілодақтық халық санағы өтті. айырым белең ала бастады. 1989 Халық 17–24 қаңтар аралығында жылғы санақта көші-қонға қатысты жұмыс немесе қызмет атқару орын- «осы елді мекенде тұру ұзақтығы» дары бойынша емес, тұрғылықты деген 1979 жылғы санақтағы бір ғана тұратын жерлері бойынша санаққа айқындаушы сұраққа қосымша үш алынды. Сұхбатшылар сұхбат сұрақ енгізілді: «осы елді мекенде жүргізуді 16-сынан 17-іне қараған тұру ұзақтығы: а) туылғаннан бері түнгі сағ 12:00-ден бастаған. Тұ- тұрып келе ме; ө) қай елді мекеннен рақты тұрғындар санына уақытша келді; б) босқын ба әлде мәжбүрлі болмаған адамдар да есепке алынған. қоныс аударушы ма?».

1989 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 16 199,0 мың адам (56,3%-ы қалада, 43,7%-ы ауылда) есептелінген.

1989 жылы КСРО аумағында тұратын қазақтар саны 8 млн 136 мың адам болып, 1959 жылғы санынан (3 млн 622 мың адам) 4,5 млн-ға өсті.

Қазақстанда 1999 жылы Қазақстан Республикасының алғашқы ұлттық санағы өтті. Санақтың бағдарламасы 23 сұрақтан тұрады, соның ішінде демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы 18 сұрақ және халықтың тұрғын үй жағдайы туралы (жеке меншіктегі немесе жалға алынған үйлер мен пәтерлер, олардың әл-ауқаты жайлы) 5 сұрақ болды. Осы халық санағы бағдарламасының кеңес дәуіріндегі осыған ұқсас халық санағынан айырмашылығы – онда адамның еңбек мәртебесі (жұмыс беруші, жалдамалы жұмыскер немесе жұмыссыз адам, жұмыс немесе жұ-

мыстың жоқтығы), күнкөріс көзі туралы алынған жауаптардың жаңа сипаттамасы, мемлекеттік (қазақ тілі) тілді білу дәрежесі, көші-қон үрдісі, бірге тұрып жатқан тұлғалардың саны туралы жаңа көрсеткіштер сияқты мәселелер қарастырылды. Санақ бағдарламасына енгізілген көші-қон мәселесіне арналған 17 сұрақ соңғы он жылдағы халықтың қозғалысын көрсетті.

Қазақстан халқының ұлттық құрамы туралы статистикалық жинаққа 4 том арналды. Бірінші томда 1970, 1979, 1989 және 1999 жылғы санақ материалдары бойынша деректер келтірілді. Екінші томда жеке этностардың мемлекеттік және басқа тілдерді білу дәрежесі бойынша сипаттама берілді. Үшінші том жеке этностардың жұмыспен қамтылуы мен күнкөріс көздері туралы материалдардан тұрады. Төртінші томда (үш бөлімді) жеке этностарды жынысы, жасы, білім деңгейі және некелік жағдайына қарай бөлуді қамтиды.

1989–99 жылдардағы санақ аралығында Қазақстан халқы 1 246,0 мың адамға (7,7%-ға) кеміп, 14 953,1 мың адамды құрады.

КСРО-ның ыдырауы ғасырлар бойы Қазақстанға бағытталған көші-қонның нәтижесінде жиналған көші-қон әлеуетін елден сыртқа қарай бағыттады.

Тәуелсіздік жылдары – Қазақстанға әр түрлі себептермен қоныс аударған басқа ұлт өкілдерінің тарихи отанына қайту көші-қоны күшейіп, керісінше, ғасырлар бойы басқа жаққа қоныс аударған қазақтардың тарихи отанына кері оралуы белен алды. Оралмандардың Қазақстанға бет бұруы мемлекеттің саяси-экономикалық, мәдени тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің тірегі болды әрі халықтың демографиялық мінез-құлқындағы негізгі шешуші ұлт – қазақтардың сандық және сапалық мәнін көтерді. Қазақстан халқының ұлттық құрамындағы ірі

өзгеріс – республикада қазақтардың

8-кесте

Қазақстандағы негізгі этностардың 1959–89 жылдардағы динамикасы

(Национальный состав населения Республики Казахстан. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2000. – Том 1. 202-б.)

Халық	1959	%	1970	%	1979	%	1989	%
Барлығы	9294741	100	13008726	100	14684283	100	16 199,0	100
Қазақтар	2787309	37,9	4234166	32,6	5289349	36,0	6 497,0	40,1
Орыстар	3972042	40,2	5521917	42,5	5991205	40,8	6 062,0	37,4
Украиндар	761432	8,2	933461	7,2	897964	6,1	876,0	5,4
Немістер	660000	7,1	858077	6,6	900207	6,2	947,0	5,8
Татарлар	191680	2,1	287712	2,2	313460	2,2	321,0	2,0
Өзбектер	135932	1,4	216340	1,7	263295	1,8	332,0	2,0
Беларусьтар	107348	1,2	198275	1,5	181491	1,2	182,6	1,1
Ұйғырлар	60000	0,6	120881	0,9	147943	1,0	182,0	1,1
Корейлер	74000	0,8	81598	0,6	91984	0,6	101,0	0,6
Әзербайжандар	38000	0,4	57699	0,4	73345	0,5	89,0	0,5
Басқа этностар	508000	5,5	498600	3,8	534040	3,6	676,3	3,8

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ

үлесі көбейіп, еуропалық этнос өкілдерінің үлесі азайды. Қазақтар 1989 жылы 40,1% болса, 1999 жылы – 53,5%-ға көтерілді.

Екі санақ арасында орыстар 1 582,4 мың адамға кеміп, республика халқының құрамындағы үлесі 30,0% және 1989 жылғы мөлшерінің 73,9%-ы болды. Украиндар осы екі санақ аралығында 328 639 адамға, немістер 593 414 адамға азайған. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстаннан қоныс аударғандар арасында немістер орыстардан кейінгі екінші орында болды. 1989–99 жылдары тарихи отаны Германияға көшу салдарынан неміс ұлтының өкілдері 593 414 адамға, яғни 62,3%-ға азайды

(8-кесте) («Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары»/ Талдамалы есеп/ Ред. басқарған Ә.А. Смайылов. –Астана, 2011. – 65-б.).

1989–99 жылдар аралығындағы табиғи өсім 1 551 мың адамды құрады. Алайда бұл табиғи өсім Қазақстаннан сыртқа кеткендердің орнын толтыра алмады. Он жыл ішінде елден 3 108,4 мың адам шетке кетіп, 1 145,8 мың адам елге қоныс аударды, айырмашылығы – 1963 мың адам (кері айырым).

1999–2009 жылдар аралығында республика халқы 823,5 мыңға өсті.

БҰҰ Статистикалық комиссиясы «Халық санағы – елдегі немесе елдің айқын межеленген бөлігіндегі барлық адамдарға белгілі бір уақытқа жата-тын демографиялық, әлеуметтік және экономикалық деректер-ді жи-наудың, қорытудың, баға берудің, тал-дау мен жариялаудың немесе басқаша таратудың бірыңғай (біртұтас) үрдісі» деп сипаттама береді.

2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызы аралығында Қазақстан Республикасында екінші Ұлттық



халық санағы жүргізілді.

Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, сондай-ақ санақ кезінде елде болғанына немесе одан тыс жерлерге уақытша кеткендеріне қарамастан, ел аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар, республикаға уақытша келген шетелдік азаматтар түгелдей санаққа алынды.

2009 жылғы санақтың сауал-нама-ларына дәстүрлі көрсеткіштермен қатар БҰҰ Стат-комиссиясы, Еуростат, БҰҰ ЕЭК, ТМД статкомитеті ұсынған жаңа сұрақтар енгізілді, олар: дін ұстану; бірінші некеге тұрған күні; компьютерлік сауаттылық; табыстың шамамен алғандағы сомасы және оны алудың мерзімділігі; жұмысқа/оқуға қатынау тәсілдері және жолға кететін уақыт; бірінші баланың туған күні және жоспарланған балалар саны; халық денсаулығының жай-күйі; басқа елдерде 1 жыл және одан көп уақыт тұру; құрылыстың салынған жылы және құрылыстың сыртқы қабырғаларының материалдары.

2009 жылғы санақтың қорытындылары- халықтың демог-рафиялық, әлеумет--тік-экономикалық, этномө--дени сипаттамаларын мазмұндайтын 16 тақырыптық жи-нақтар

топтамасында (40 том – мемлекеттік және орыс тілдерінде) көрініс тапты.

2009 жылы халық саны 16 009 597 адамды құрады. 1999–2009 жылдар аралығында республика халқының саны 1 028 316 адамға көбейіп, 6,9%-ға өсті.

Қазақстан көп этносты халқы бар мемлекетке жатады, оның аумағында 130-дай ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады. Солардың ішінде саны жағынан ең көбі 7 этнос (әр этностың үлесі елдегі халықтың жалпы санының 1%-дан артық шамасын құрайтын) – қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар және немістер, олардың үлесіне ел халқының 95,6%-ы келеді. Халықтың жалпы санындағы ең үлкен үлес салмағын қазақтар – 63,1% және орыстар – 23,7% құрайды. Қазақтар 1999 жылы 53,5% болса, 2009 жылы – 63,1%-ға жетті, 20 жыл ішінде олардың 23,0%-ға жетіп, саны 6 млн 496 мыңнан 10 млн 96 мыңға, демек 3 млн 600 мыңға өсті, яғни 55,4%-ға көбейді (Қазақстан Республикасы халқының 1999 жылғы ұлттық құрамы, 4-том, 1-бөлім. Қазақстан Республикасының халқы, ұлты, жынысы және жасы бойынша; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы халық санағының қорытындылары / Статистикалық жинақ. – Алматы, 2001. – 244-

бет/; « Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары»/ Талдамалы есеп. Ред. басқарған Ә.А.Смайылов. Астана, 2011. – 65-б.). Қазақтардың саны табиғи өсімнің, сондай-ақ республика аумағына келген оралмандардың есебінен өсті.

Басқа этностар мен этностық топтардың үлесі республика халқының 13,2%-ын құрады. Алдыңғы халық- санағымен салыстырғанда қырғыздардың саны 2,1 есе немесе 12,3 мың адамға, тәжіктер – 41,3% - ға (10,6 мың адам), дүнгендер – 40,6%--ға (15,0 мың адам), түріктер –

23,3%-ға (18,3 мың адам), өзбектер— 23,3%-ға (86,2 мың адам), күрдтер – 16,9% (5,6 мың адам), әзербайжандар – 8,9%-ға (7,0 мың адам), ұйғырлар – 6,8%-ға (14,3 мың адам) және корейлер – 0,4%-ға (0,4 мың адам) өсті. Осы аталған этностар көбіне табиғи өсімнің есебінен ұлғайды. Орыстардың саны 15,3%-ға немесе 686,9 мың адамға, украиндардың саны 39,1%-ға (214,0 мың адамға), немістердің саны 49,5% (175,1 мың адамға) азайды. Славян халқы санының төмендеуіне олардың қоныс аударуы әсерін ти-

гізді. Негізінен орыстардың, украиндардың, беларусьтар мен немістердің басым бөлігі Ресей мен Германияға қоныс аударды.

Халық санақтары елде жүрген көші-қондық үдерістерге байланысты Қазақстан халқының көп-этносты құрамы қалыптасқанын айғақтайды: 1920 жылы Қазақстанда 38 ұлт өкілі, 1959 жылы – 114; 1986 жылы – 120, ал 1999, 2009 жылдардағы санақта – 127 ұлт пен этнос өкілдері тіркелген.

А. Құдайбергенова

9-кесте

1989–2009 жылдардағы Қазақстан Республикасы халқының этностық құрамының динамикасы (мың адам)

	1989		1999		2009		1989–99 ж. өсім + -		1989–2009 ж. өсім + -		1999–2009 ж. өсім + -	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Барлығы	16 199,0	100	14 953,0	100	16004,8	100	-1 246	-7,7	-4,2	-1,2	1051,8	7
Қазақтар	6 497,0	40,1	7 985,0	53,4	10098,6	63,1	1 488	+23	3601,6	55,4	2113,6	26,5
Орыстар	6 062,0	37,4	4 480,0	30	3797,0	23,7	-1 582	-26,1	-2265	-37,4	-683	-15,3
Украиндар	876,0	5,4	547,0	3,7	333,2	2,1	-329	-37,6	-542,8	-62	-213,8	-39,1
Өзбектер	331,0	2	371,0	2,5	457,2	2,8	40	+12	126,2	38	86,2	23,2
Татарлар	321,0	2	249,0	1,7	203,3	1,3	-72	-22,5	-117,7	-36,7	-45,7	-18,4
Ұйғырлар	182,0	1,1	210,0	1,4	223,1	1,4	28	+15,4	41,1	22,6	13,1	6,2
Немістер	947,0	5,8	353,0	2,4	178,2	1,1	-594	-62,8	-768,8	-98,1	-174,8	-49,5
Корейлер	101,0	0,6	100,0	0,7	-	-	-1	-1,0	-	-	-	-
Беларусьтар	178,0	1,1	112,0	0,7	-	-	-66	-37,1	-	-	-	-
Әзербайжандар	89,0	0,5	78,0	0,5	85,3	0,5	-11	-12,4	-	-	-	-
Түріктер	49,0	0,3	76,0	0,5	-	-	27	+55,1	-	-	-	-
Басқа этностар	566,0	3,5	392,0	2,6	714,2	4,5	-174	-30,8	148,2	26,2	322	+82,2

(Кесте алынды: «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары»/

Талдамалы есеп/ Ред. басқарған Смайылов Ә.А. – Астана, 2011. – 65-б.)

